

Қазақстан Республикасындағы жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 1373 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.20 № 1373 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Z 1 0 0 2 9 1

қ а р а ң ы з

Қазақстан Республикасындағы Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 27 қаңтардағы

N 106 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасындағы жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Ереже Қазақстан Республикасы аумағындағы жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің мақсаты мен міндеттерін, оны жүргізудің құрылымы мен тәртібін айқындайды.

2. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі жер қойнауының мемлекеттік қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және олардың өзгеруін уақытылы айқындау, бағалау, жағымсыз процестердің алдын алу және оның салдарын жою үшін жер қойнауының жай-күйін байқау жүйесін білдіреді.

3. Жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің объектісі Қазақстан

Республикасының жер қойнауы және ондағы болып жатқан процестер болып
т а б ы л а д ы .

4. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі қоршаған ортаны (атмосфераны, ашық суларды, жерлерді, өсімдіктерді, жануарлар әлемін және т.б.) қадағалаудың өзге жүйелерімен өзара әрекеттестікте қызмет етеді.

5. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі Қазақстан Республикасы қатысатын жер қойнауы мен қоршаған ортаны жаппай қадағалаудың халықаралық бағдарламасына қосылады.

6. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингін Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

7. Жер қойнауының жай-күйі мен оны пайдалану туралы ақпараттарға ие министрліктер, мемлекеттік комитеттер және басқа да орталық атқарушы органдар, заңды және жеке тұлғалар оларды Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне беруге міндетті.

II. Жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің мақсаты мен міндеттері

8. Жер асты суларын қосқанда, жер қойнауының мемлекеттік қорын тиімді пайдалануды ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану мен қорғауды басқару жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің мақсаты болып т а б ы л а д ы .

9. Жер қойнауын мемлекеттік қадағалаудың негізгі мақсаттары:

а) тау-кен жиыныстарының жай-күйін, оның ішінде олардың зиянды химиялық және радиоактивті құрамдармен ластануын;
жер асты суларының жай-күйін;

қауіпті геологиялық процестерді (экзогендік және эндогендік);
пайдалы қазбалар кен орындарын;

зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілген полигондардың және ағынды суларды жер қойнауына жіберудің, жер асты ғимараттарының жай-күйін;

геофизикалық, сейсмикалық және басқа өрістерді сипаттайтын деректер алу үшін жер қойнауының жай-күйін бақылау;

ә) жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың жай-күйін бағалау;

б) жер қойнауы жай-күйінің өзгеруіне болжамдар жасау;

в) жер қойнауының жай-күйі өзгеруінің жағымсыз зардаптарын болдырмау, әлсірету немесе жою жөніндегі тиісті мемлекеттік органдар әкімшілік шешімдер қабылдау үшін нұсқаулықтар әзірлеу;

г) жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың жай-күйі, жағымсыз әсер ететін факторлар, сондай-ақ жер қойнауы жай-күйінің өзгеруіне байланысты мүмкін болатын төтенше жағдайлар туралы ақпараттар беру;

ғ) жер қойнауына зиянды әсерді болдырмау, сондай-ақ жер қойнауын экологиялық сауықтандыру және оны тиімді пайдалану жөніндегі шаралардың тиімділігін бақылау және бағалау болып табылады.

III. Жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің объектілері, оның мазмұны, құрылымы және оны жүргізудің тәртібі

10. Жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің объектілеріне тау-кен аудандарын қоса есептегендегі табиғи және табиғи-техногендік жүйелер, мұнай-газ өндірілетін шеткері жерлер, жер асты суларының бассейндері, пайдалы қазбалардың, оның ішінде жер асты суларының кен орындары, суы бар кешендер мен көкжиектер, су жібермейтін қабаттар, геологиялық процестер өтіп жатқан (карст, суффозия, эрозия және т.б.) геологиялық денелер, геофизикалық, сейсмикалық, гравитациялық және басқа өрістер, жер қойнауын пайдалану және жер қойнауы ластанған учаскелер, кен өндіру және су қорғандары және т.б. ж а т а д ы .

11. Аумақтық жүргізу саласына байланысты, жер қойнауының мемлекеттік мониторингін зерттеудің егжей-тегжейлігіне байланысты жергілікті, аймақтық және республикалық болып бөлінеді.

Жергілікті мониторинг жер қойнауын пайдалану учаскелері, пайдалы қазбалар кен орындарын барлау (карьерлер, шахталар, скважиналар, су қорғандары ғимараттары, көму полигондары, суды төмендету қондырғылары және т.б.), жер қойнауының ластанған учаскелері, урбанизацияланған аумақтар, суару алқаптары және т.б. кіретін жекелеген табиғи-техногендік жүйелердің шеңберінде жүргізіледі.

Аймақтық мониторинг геологтық-құрылымдық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық және басқа ерекшеліктер, әкімшілік, экономикалық, экологиялық және басқа шекаралар, жер қойнауының жай-күйіне әсер ететін табиғи және техногендік факторлардың кешенді ескеріле отырып жекелеген табиғи жүйелердің аумағында жүргізіледі.

Республикалық мониторинг жалпы мемлекеттік маңызы бар ірі аймақтарды бөле отырып, шельфтерді қосқандағы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүргізіледі.

12. Жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің мазмұнын: жер қойнауының жай-күйін және оның жекелеген компоненттерін, ондағы болып жатқан процестерді жүйелі бақылау, деректерді алу, жинақтау, талдау

және жер қойнауында болып жатқан өзгерістерді анықтау;
табиғи және техногендік факторлардың (қазба байлықтарын өндіру, су шаруашылығы қызметі және т.б.) әсер етуіне байланысты жер қойнауының жай-күйін зерттеу және бағалау;

тау-кен жыныстарының ыдырауының немесе қозғалуының пайда болуымен тау-кен жыныстарының өзгеруіне, олардың механикалық және физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруіне, тұрақтылығының нашарлауына, сондай-ақ тау-кен жыныстарының ластануына;

жер асты сулары қорының сарқылуына және ластануына (химиялық, биогендік және т.б.), гидродинамикалық және гидрогеохимиялық жағдайлардың: жер асты суларын тыңайтудың, ағызудың, босатудың және температуралық режимінің өзгеруіне;

экзогендік және эндогендік геологиялық процестердің (карст, суффозия, тотығу және дефляция, жыныстардың шөгуді және жер бетінің отыруы, жер қыртысының сорлануы, су басуы, геофизикалық, сейсмикалық және басқа өрістер және с.с.) жандануына әкеліп соғатын;

пайдалы қазбалар кен орындарын игерудің тиімді әдістерін таңдауды және басқаларды қосқандағы жер қойнауын тиімді пайдалану және қорғау, техногендік факторлардың кері әсерін төмендету жөнінде шаралар жасау мақсатында жер қойнауын жай-күйінің өзгеруін болжау, жер қойнауына шекті жол берілетін техногендік салмақты айқындау; жер мен инженерлік ғимараттарды қорғау құралдарын негіздеу құрайды.

Жер қойнауының және онда болып жатқан процестердің жай-күйі жер қойнауының жекелеген компоненттері үшін белгіленетін сандық және сапалық көрсеткіштері (жер асты суларының деңгейі, температурасы, химиялық және газдық құрамы, тау-кен жыныстары мен қыртыстарының гранулометрлік құрамы, өсуі, тығыздығы, су өткізгіштігі, ылғалдығы, сүзу коэффициенті, деңгейлік пьезо өткізгіштігі, қатпарлық және тығыздық қысымы, конденсация қысымы, алдамшы болып көрінетін электр кернеуі, радиоактивтілігі, қазба байлықтар қорының мөлшері, оларды өндірудің көлемі және т.б.) кешені бойынша анықталады. Бұл жағдайда жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің барлық пункттері мен полигондары бойынша байқау жүргізілетін көрсеткіштердің негізгі кешені және белгілі бір аймақтарға, аудандарға және жекелеген учаскелерге тән арнайы көрсеткіштер ерекшеленеді. Бүтіндей алғанда көрсеткіштердің құрамы, байқаулардың жиілігі мен мөлшері әдістемелік көрсетулермен және нұсқаулармен айқындалады және жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жобалау процесінде белгіленеді.

Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі жүйесіне пайдалы қазбалардың пайдаланылатын қорларын, оның ішінде жер асты суларын, жер қойнауын

пайдаланушыларды және жер қойнауын пайдалануды есепке алу, жер асты суларының мемлекеттік кадастрын жүргізу, сондай-ақ табиғи және табиғи-техногендік геологиялық процестердің құбылыстарын есепке алу кіреді.

13. Жер қойнауының зерттеліп жатқан компоненттерінің және ондағы болып жатқан процестердің маңыздығына қарай жер қойнауының мемлекеттік мониторингі мынадай жүйешелерді:

аэрация аймағын қосқандағы тау-кен жыныстарының ластануының мемлекеттік мониторингін;

қатты пайдалы қазбалардың, мұнай және газ кен орындарының мемлекеттік мониторингін;

жер асты суларының мемлекеттік мониторингін; экзогендік және эндогендікті қосқандағы, қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингін;

зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілген полигондардың және жер қойнауына лас суларды жіберудің, жер асты ғимараттарының мемлекеттік мониторингін;

жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік мониторингін қамтиды.

Зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілген полигондардың және жер қойнауына ағын суларды жіберудің, жер асты ғимараттарының мемлекеттік мониторингі жүйешесі, зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілген полигондардың, жер қойнауына ағын суларды жіберудің, жер асты ғимараттарының мемлекеттік кадастрларын жүргізуді қамтиды.

Пайдалы қазбалар кен орындарының мемлекеттік мониторингі жүйешесі кен орындарының және пайдалы қазбалар көрінісінің, техногендік минералды құрылымдардың және пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы мемлекеттік кадастрларын жүргізуді қамтиды.

Жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік мониторингі жүйешесі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жер қойнауының жай-күйіне әсерін бағалаудан тұрады.

14. Жекелеген жүйешелердің өзара іс-әрекеті жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану жағдайының жекелеген көрсеткіштерінің орталықтығымен, бақылау желілерінің ілеспелілігімен, ақпараттық-компьютерлік кешендердің өзара байланысының, ұйымдастырушылық құрылымдардың бірыңғайлылығымен айналынады.

Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі жүйесі ашық болып табылады. Оның даму мөлшеріне қарай жаңа жүйешелер қалыптаса алады.

15. Жер қойнауларының жай-күйі табиғи және бұзылған алаңдарда құрылатын бақылау желісі жер қойнауын мемлекеттік қадағалаудың негізі болып табылады.

Жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің бақылау желісін:

а) гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық және басқамақсаттарға арналған скважиналар;
құдықтар;
каптирленген бұлақтар;
өзендердегі, каналдардағы және басқа су айдындарындағы гидрометриялық постылар;
су тепе-теңдігі ғимараттар;
арнайы геодезиялық желілер пункттері;
жер қойнауын пайдалану объектілеріндегі бақылау пункттері және т.б. кіретін пункттер;

б) әдістерді пысықтау, бақылау және ақпараттар беру жүйелерінің техникалық құралдарын сынау жүргізілетін арнайы бөлінген аумақтарды білдіретін полигондар құрайды.

16. Мемлекеттік мониторингтің бақылау желісіне мемлекеттік бақылау желілері, ведомстволық және жеке желілер, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың желілері кіреді.

Мемлекеттік бақылау желісі:

жер қойнауының, техногендік өзгерістерді бағалау кезіндегі эталон ретінде, жер асты суларын және қауіпті геологиялық процестерді қосқандағы, табиғи жай-күйін зерттеуге арналған фондық;

жер қойнауының аймақтық ерекшеліктерін, оның ішінде жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестерді, олардың табиғи аномалияларын және техногенездің әсерінен болған жағымсыз құбылыстарын зерттеуге арналған аймақтық;

әлеуметтік-экономикалық жағынан анағұрлым күрделі гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық және тау-кен техникалық жағдайы бар, оларға техногендік факторлардың кешенді әсер ету жағдайындағы маңызды учаскелердегі жер қойнауының техногендік өзгерістерін егжей-тегжейлі зерттеуге арналған жергілікті болып бөлінеді.

Ведомстволық бақылау желісі аталмыш ведомствоның міндеттерін шешу кезінде жер қойнауының жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестерді қосқандағы жай-күйін зерттеуге арналған бақылау пункттерінен тұрады.

Жеке бақылау желісі жер қойнауын пайдаланушыға (табиғатты пайдаланушыға) бөлінген жер, геологиялық және тау-кен бөліністерінің шегінде жер қойнауын пайдалануға (табиғатты пайдалануға) арналған лицензиялық және контрактілік шарттарға сәйкес құрылады және жер қойнауының, оның ішінде жер асты суларының техногендік өзгерістерін және қауіпті геологиялық процестердің дамуын жедел анықтауға және зерттеуге арналады.

Жергілікті атқарушы органдардың бақылау желісі құрылыс салудың, жер

асты коммуникацияларының және басқа да инженерлік ғимараттардың әсерінен жер қойнауы жай-күйінің өзгеруін анықтау, зерттеу үшін қалалық және басқа да аумақтардың шегінде құрылады.

17. Мемлекеттік байқау желісінің пункттері мен полигондарында жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүргізуді мемлекеттік тапсырыс бойынша конкурстық негізде ұйымдар жүзеге асырады.

Жер қойнауының мемлекеттік мониторингінің мемлекеттік байқау желісінің пункттері мен полигондарын орналастыру үшін жергілікті атқарушы органдар беретін жер учаскелерінің мөлшерлерін нормативтік-әдістемелік және жобалау-техникалық құжаттамаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі айқындайды.

18. Ведомстволық және жеке желілерді, жергілікті атқарушы органдардың желілерін құру және пайдалану, жер қойнауының мемлекеттік мониторингі қызметіне берілетін ақпараттардың құрамы, нысаны және мерзімі Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен және оның бөлімшелерімен келісіледі, жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар мен контрактілерде, сондай-ақ табиғатты пайдалану құқына арналған басқа да құжаттарда бекітіледі.

19. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүргізу үшін байқаудың ара-қашықтық аэрокосмостық (аэрогеологиялық және т.б.), жердегі стационарлық және жылжымалы құралдары мен әдістері, суретке түсірудің геологиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геоэкологиялық және т.б.), радиогидролиттік-химиялық, гамма-спектрометрлік және басқа да арнаулы геоэкологиялық зерттеулердің, барлау жұмыстарының деректері, сондай-ақ қорлық геологиялық материалдар, байқаудың ведомстволық, жеке және өзге желілеріндегі байқау желілерінің байқау нәтижелері пайдаланылады.

Топографиялық, геологиялық және гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геоэкологиялық және басқа да арнайы карталар жер қойнауын мемлекеттік қадағалаудың картографиялық базасы болып табылады.

20. Жер қойнауының жай-күйін ұдайы болжауды қоса есептегендегі деректерді сақтау және өңдеу үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйе қолданылады. Бағдарламалық құралдар жүйесі түрлі деңгейлер арасында ақпараттардың, сондай-ақ басқа табиғи орталар байқау жүйелерінің деректер жиынтығының стандартталған түрде алмасылуын қамтамасыз ете отырып ақпараттарды бірыңғай әдістемелік негізде жинақтауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік беруі тиіс.

21. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі жүйесінде жер қойнауы мен жер қойнауын пайдаланудың жай-күйі туралы деректердің мемлекеттік ақпараттық банкі құрылады.

22. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі координаттар мен биіктіктердің, жүктегіштердің бірыңғай жүйесін, бірліктердің, деректердің стандарттық форматтарының, көрсеткіштер кешенінің және бірегей нормативтік-әдістемелік және техникалық базалардың жүйесін пайдалануға негізделген бастапқы әр текті деректерді салыстырушылық принципін сақтай отырып жүргізледі.

IV. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі қызметі

23. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі қызметі Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің жүйесінде ұйымдастырылады. Ол республикалық, аумақтық, облыстық дәрежелердегі байқау қызметтері мен ақпараттық-талдау орталықтарын қамтиды.

24. Жер қойнауы мемлекеттік мониторингі ұйымдық құрылымдарын жетілдіруді, байқаудың мемлекеттік желісін ынталандыруды Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жүзеге асырады.

25. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі қызметінің: қызметі жер қойнауын пайдаланумен немесе жер қойнауына басқадай әсер етумен байланысты мемлекеттік басқару органдарынан, заңды және жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі белгілеген нысандарда және мерзімдерде жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың жай-күйі туралы ақпаратты талап етуге; жер қойнауын пайдаланушылардың мониторингті жүргізуіне әдістемелік басшылықты және бақылауды жүзеге асыруға; жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік мониторингін байқаудың мемлекеттік желісін ұйымдастыруға және оны пайдалануға;

байқау пункттері мен полигондарын, режимді гидрогеологиялық скважиналарды және жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің мемлекеттік желісіне кіретін басқа да ғимараттарды салу және пайдалану үшін барлық санаттардағы жерлерден үнемі пайдалануға жер учаскелерін алуға құқығы бар.

26. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі қызметі: ведомстволық және жеке байқау желілерінің деректерін пайдалана отырып жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің мемлекеттік желісі бойынша жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың жай-күйіне жүйелі түрде байқау жүргізуге;

жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың жай-күйі туралы деректер жинауды жүргізуге, оларды қорытуға, талдауға және оның өзгеруіне

болжам жасауға, сондай-ақ әкімшілік шешімдер қабылдау және мүдделі органдарға қажетті ақпараттар беру үшін нұсқаулар әзірлеуге; жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік мониторингі саласында әдістемелік және нормативтік құжаттар әзірлеу және оны енгізуге м і н д е т т і .

27. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі қызметі өз қызметінде өздерінің байқау пункттері мен полигондарында жер қойнауының жай-күйін байқауды жүзеге асыратын мемлекеттік, ведомстволық және жеке тұлғалардың тиісті қызметтерін функциялық жағынан қамтиды.

V . Қ а р ж ы л а н д ы р у

28. Бақылау пункттері мен полигондарын құруды, пайдалануды, ұстауды, консервациялауды және жоюды қосқандағы бақылаудың мемлекеттік желісінде жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүргізуді, ақпараттық-талдау орталықтары, сондай-ақ ғылыми-зерттеу орталықтары мен тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұстауды осы жұмыстарға мемлекеттік тапсырысты конкурсқа қою жолымен Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жүзеге асырады және мемлекеттік бюджеттің қаражаттары есебінен қаржыландырылады.

29. Ведомстволық, жеке желілерде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың байқау желілерінде жер қойнауының жай-күйіне байқау жасау және оны жүргізу, олардың өз қаражаттарының есебінен қаржыландырылады.

30. Жер қойнауы мониторингінің халықаралық бағдарламаларын қаржыландыру халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.